



«Евразийский национальный  
университет имени Л.Н.Гумилева»

Экономический факультет

Кафедра учет и анализа

ФГАОУ ВО «Российский  
университет дружбы народов»

Экономический факультет

Кафедра бухгалтерского учета,  
аудита и статистики

**«МЕЖДУНАРОДНЫЕ СТАНДАРТЫ УЧЕТА И АУДИТА:  
ПРАКТИКА ПРИМЕНЕНИЯ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ  
ЭКОНОМИКИ»**

**Сборник статей Международной научно-практической  
конференции 16 апреля 2021 г.**

Нурсултан

УДК 657(47+57)

ББК 65.053

П78

Рекомендовано к печати Ученым советом  
Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

**Рецензент** – доктор экономических наук, профессор *Алиев М.К.*

**Научные редакторы:**

заведующая кафедрой учета и анализа ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, кандидат экономических наук, ассоциированный профессор *Г.Д.Аманова*  
PhD, и.о.доцент ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Жолаева М.А.  
заведующая кафедрой бухгалтерского учета, аудита и статистики РУДН, кандидат экономических наук *М.В. Петровская*

**П78** «Международные стандарты учета и аудита: практика применения в условиях цифровой экономики»: сборник статей Международной научно-практической конференции. Астана, 16 апреля 2021 г. – Нур-Султан: ЕНУ им Л.Н.Гумилева, 2021. – 256 с.

ISBN 978 601 337 121 4

Сборник статей научно-исследовательских работ студентов, магистрантов, докторантов, профессорско-преподавательского состава по итогам Международной научно-практической конференции 16 апреля 2021 г.

Предназначен для широкого круга читателей.

Электронная версия материалов сборника размещается на сайте [www.enu.kz](http://www.enu.kz)

*Сборник научных статей участников конференции подготовлен по материалам, представленным в электронном виде. Ответственность за содержание материалов несут авторы статей.*

© Коллектив авторов, 2021  
© ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2021

ISBN 978 601 337 121 4

## Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудитті жүргізудің мақсаты мен міндеттері

*Советбекова Лаура Советбекқызы*

*Қазақстан Республикасы*

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінің*

*«Экономика» бағыты бойынша 3-курс студенті*

*«Мемлекеттік аудит» мамандығы*

*Ғылыми жетекші- Жахметова Айнура Каиржановна*

*Аннотация.* Бұл мақалада квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметінің тиімділігіне арнайы мақсаттағы аудитті жүргізу ерекшеліктеріне арналған. Квазимемлекеттік сектор субъектісі мысалында, «Қазпочта» акционерлік қоғамының қаржылық тиімділік көрсеткіштері көрсетілген.

*Түйін сөздер:* квазимемлекеттік сектор субъектілері, мемлекеттік аудит, мемлекеттік қаржылық бақылау, арнайы мақсаттағы аудит, ұлттық ресурстар, тиімділік аудиті, сәйкестік аудиті, қаржылық есептілік аудиті, қаржылық бұзушылықтар, нарықтық экономика.

### Purpose and objectives of conducting a special purpose audit of quasi-public sector entities

*Sovetbekova Laura Sovetbekovna*

*Republic of Kazakhstan*

*L. N. Gumilyov Eurasian National University*

*3rd year student in "Economics"*

*Specialty "State Audit ""*

*Scientific supervisor-Zhakhmetova Ainura Kairzhanovna*

*Annotation.* This article devoted to the specifics of conducting a special purpose audit of the effectiveness of quasi-public sector entities. On the example of quasi-public sector entity, indicators of financial efficiency of «Kazpost» JSC are shown.

*Keywords:* quasi-public sector entities, state audit, state financial control, special purpose audit, National Resources, performance audit, compliance audit, financial reporting audit financial violations, market economy.

Қазіргі кезеңдегі құрылымдық экономикалық өзгерістерді басқару сипаты ұлттық ресурстарды басқарудың озық нұсқасымен бірге, ел әлеуетінің дамуын басқарудың тиімді тәсілдерін, әдістері мен жаңа жолдарын іздеу бағыттары бүгінгі күнге дейін қажеттілігін туғызатын өзекті проблемалардың бірі. Осы проблемаларды шешу жолында бюджет қаражатын тиімді пайдаланудың стратегиялық факторы ретінде-мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың орны ерекше.

Қаржылық бақылаудың мақсаты-мемлекеттік активтермен бюджет қаражатын басқарудың және пайдаланудың тиімділігін арттыру тұрғысынан квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметін тексеру болып табылады. Осы ретте мемлекеттік қаржылық бақылау мен мемлекеттік аудит объектілерінің жасаған бұзушылықтарын жоюға және ден қою шараларын орындауға байланысты өзінің негізгі функцияларын орындайды. Квазимемлекеттік сектор субъектілерін қаржылық бақылау арнайы мақсаттағы аудит түрінде жүргізіледі. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне арнайы мақсаттағы аудит квазимемлекеттік сектор субъектілерінің бюджет қаражатын пайдалану мәселелері бойынша тексеруді білдіреді. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің арнайы мақсаттағы аудитін жүргізу қағидаларына сәйкес аудит жыл сайын міндетті түрде жүргізіледі. Аудиторлық қорытындыда квазимемлекеттік сектор субъектілері бюджет қаражатын пайдаланған кезде бюджеттік бағдарлама әкімшісінен бюджет қаражатын түпкілікті алушыға дейінгі бюджет қаражаты көрсетіледі.

Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржылық бақылауы мақсаттардың көп жоспарлығы және міндеттердің көп жақтылығымен ерекшелінеді. «мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» Заңға сәйкес квазимемлекеттік сектор субъектілеріне мемлекеттік кәсіпорындар, жауапкершілігі шектеулі серіктестіктер, акционерлік қоғамдар, оның ішінде қатысушысы немесе акционерлері мемлекет болып табылатын ұлттық холдингтер, ұлттық

компаниялар, сондай-ақ елшілес, тәуелді және Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес олармен үлескер болып табылатын басқа да заңды тұлғалар жатады.

Мемлекеттік аудит жүйесін қалыптастырудың ағымдағы кезеңінде: оны жүргізу рәсімдерінің әдіснамалық негіздерін қалыптастыру қажет. Квазимемлекеттік сектор ел үшін қолда бар ресурстарды пайдалануды оңтайландыру, сол сияқты Қазақстанның болашақ әлеуметтік-экономикалық дамуын қалыптастыру тұрғысына да маңызы зор болып саналады. Қазақстан республикасында Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің жиыны 2019 жылғы Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің сайтында келтірілген статистикалық деректер бойынша 6963 заңды тұлғаны құрайды.

Елімізде квазимемлекеттік сектор субъектілері-Қазақстан республикасының экономикалық саясатында елеулі рөл атқарады. Олар мемлекеттік және үкіметтік даму бағдарлама шеңберінде бюджет қаражатын пайдаланушы ретінде бюджеттік бағдарламаларға қатысады. Сол себепті, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жататын заңды тұлғалардың қызметіне тиімділік аудитін жүгізу, және олардың ел экономикасына әсерін бағалаудың өзектілігі жылдан-жылға артып келеді. Зерттеудің негізі квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің тиімділігін бағалау саласындағы іргелі және қолданбалы зерттеулер болды. Біздің елімізде квазимемлекеттік сектор субъектілеріне мемлекеттік аудиттің типі бойынша, көбінесе тиімділік аудиті жүргізу қолайлы болып табылады

Квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметіне тиімділік аудитін жүргізу-негізінен, сәйкестік аудиті материалдарымен қатар, қаржылық есептілік аудитінің негізінде жүргізілетін бағалау болып табылады. Тиімділік аудитін жүргізудің мақсаты-квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін қаражат бөлуге негіз болатын бюджеттік бағдарламаларда көзделген тікелей және түпкілікті нәтижелер көрсеткіштеріне, тиімділік көрсеткіштеріне қол жеткізуді, сонымен қатар, квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің экономиканың, әдеуметтік саланың немесе мемлекеттік басқарудың жекеленген саласының (аясының) дамуына әсерін кешенді талдау.

ИНТОСАИ аудитінің стандарттарына сәйкес, тиімділік аудиті экономиканың квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметіне байланысты – үнемділік, тиімділік және нәтижелілік көрсеткіштерін бағалайды.

Тиімділік аудитінің міндеттері:

- Квазимемлекеттік сектор субъектісі бюджеттік инвестициялар есебінен іске асырылғын іс-шаралардың нақты нәтижелерін, (сандық көрсеткіштерін) түпкілікті нәтижелерін, (нәтижелік көрсеткіштерін) сапасы мен тиімділік көрсеткіштерін және бюджеттік инвестициялардың қаржы-экономикалық негіздемесінің жоспарланған, тиісті нәтижелерін және стратегиялық құжаттарда жоспарланған тиісті нәтижелерімен салыстыру;
- Бюджеттік инвестициялар қаржы-экономикалық негіздемесінде жоспарланған көрсеткіштермен есепті жыл үшін тікелей нәтиже көрсеткіштерін бағалау;
- Мемлекеттік аудитті жүргізу арқылы, тиімділік аудитінің қорытындыларын, тәуелсіз аудиторлар пікірін алу.

Тиімділік аудитінің мәні мен объектілері, өлшемдері, артықшылықтары және тәуекел топтарына зер салу бөлінісіне бағалау нәтижесі бойынша шығыс нысанында рәсімделеді.

Тиімділік аудиті кезінде квазимемлекеттік сектор субъектілері жүзеге асыратын, бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшелері арқылы жүргізілетін төлемдерде назардан тыс қалмайды. Бұл ретте аудитор квазимемлекеттік сектор субъектісі қалай қамтамасыз ететінін зерделейді, атап айтқанда:

- Төлем тапсырмаларын ұсынудың заңдылығы мен негізділігі;
- Төлем тапсырмаларында көрсетілген деректемелердің дұрыстығы;
- Ақша алушының пайдасына төлемдерді жүзеге асыру бойынша міндеттемелердің уақтылы жіне толық орындалуы;
- Жасалған операциялардың дұрыстығы;
- Бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органның аумақтық бөлімшесіне төлемнің негізділігін растайтын құжаттарды ұсыну.

Осылайша, тиімділік аудитінің басты мақсаты-мемлекеттік басқару жүйесін бюджет процесіне тартылған квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаражатты пайдалану тиімділігі мәселесі бойынша дұрыс, толық және объективті ақпаратпен қамтамасыз ету арқылы мемлекеттік қаржы ресурстарын басқару процесін сапалы жақсарту болып саналады.

Біз квазимемлекеттік сектор субъектісі ретінде «Қазпочта» Акционерлік қоғамының қаржылық тиімділік көрсеткіштеріне мысал келтіріп өтуді жөн көрдік. «Қазпочта»-почта байланысы кәсіпорны. Бұрынғы Байланыс министрлігінің құрамындағы біртұтас «Байланыс» саласынан 1993 жылы қазанда бөлініп шығып, дербес шаруашылық субъектісі болған. 1995 жылы қарашадан республикалық мемлекеттік кәсіпорын болып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің «Пошта байланысы мемлекеттік кәсіпорын мен оған қарасты мемлекеттік кәсіпорындарды қайта құру туралы» 1999 жылы 20 желтоқсанда «Қазпошта» акционерлік қоғамы болып қайта құрылған. Құрылтайшысы-Қазақстан Республикасы Үкіметі. Мемлекеттің үлесі-100%. Ұйымдық құрылымы 4 деңгейден тұрады.

Тиімділік аудитінің зерделенген бағыты бойынша анықталған бұзушылықтар нәтижесі: (1-сурет)



1-сурет «Қазпочта» акционерлік қоғамының тиімділік аудит бойынша анықталған бұзушылықтар нәтижесі

Аудитпен-2 777,8 млн.теңге қамтылған, оның ішінде- 1 795,6 млн,теңгесі немесе 64,6%-ы бұзушылықтар болып саналады. Жүргізілген аудиторлық іс-шараның 2019 жылғы қорытындысы бойынша, қаржылық бұзушылықтар 1 170,6 млн.теңгені құраған, оның ішінде өтеуге 1 169,7 млн.теңге қалпына келтіруге-0,8 млн.теңге, сондай-ақ бюджет қаражатын тиімсіз пайдалану сомасы 625,0 млн.теңгені құрады. Мемлекеттік аудит барысында рәсімдерді орындау тәртібінің 4 бұзушылығы және 13 жүйелі кемшіліктері анықталған.

«Қазпочта» Акционерлік қоғамының тиімділік аудиттің нәтижесі бойынша стратегиялық даму бағыттары:

1. «Почта қызметтері» бейіндік бизнесін кеңейту;
2. Логистикалық функцияларды күшейту және сыртқы нарыққа шығуға дайындық;
3. Толыққанды банк бизнесін құру;
4. «Қазпочта» Акционерлік қоғамының тиімділігін арттыру;
5. «Қазпочта» Акционерлік қоғамының IT әлеуетін дамыту;

6. Сенімділік пен сапа брендин дамыту.

«Қазпочта» акционерлік қоғамына берілген аудиторлық пікірге сәйкес, акционерлік қоғам ақша қаражаттарының қозғалысында өкінішке орай бұрмалаушылықтардың көптігін байқауға болады. Аудиторлық қызметті жүргізуші-«KPMG Аудит» ЖШС Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша тіркелген компания және Швейцария заңнамасы бойынша тіркелген KPMG International Cooperative (“KPMG International”) қауымдастығына кіретін KPMG тәуелсіз фирмалар желісінің мүшесі.

Жоғарыда атап өтілгендей, «Қазпочта» Акционерлік қоғамында біраз қаржылық бұзушылықтардың болғанын байқауға болады. Сол бұзушылықтардың барлығы тиімділік аудитін жүргізу барысында анықталған.

Қорытындылай келе, қазіргі нарықтық экономикалық заманда, мемлекеттік аудиттің зерделеніп отырған бағытын талдау кезінде, квазимемлекеттік сектор субъектілері өз қызметтері барысында алынған қаражаттан түрлі операциялар мен мәлімдемелер жасасады. Сол себептен, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржыландыру мәселесіне салмақты назар аударған жөн. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бөлінген қаражат-мемлекеттік бюджет деп аталмағанымен, мемлекеттік бюджет активтерінің бөлігін құрайды, іс жүзінде мемлекеттік қаражат-меншікті қаражат ретінде рәсімделетіндіктен, келеңсіздіктер туғызуы мүмкін. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне жыл сайын міндетті аудит жүргізу-бюджет қаражатын алушылардың қаражаттарды барынша мақсатты пайдаланғанын, және тиісінше тиімді жұмсалғанын анықтап бақылау үшін жасалатын мақсатты қызмет. Мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылау-Қазақстан Республикасында болашақта еліміздегі барлық мемлекеттік бюджет ақша қаражаттарының қозғалысы барынша әділ көрсетіледі деген үміттеміз.

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы»/ Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 12 қарашадағы Заңы № 392-V ҚРЗ
2. /«Қазақстан Республикасының Бюджет кодексі»/ Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы №95-IV Кодексі (соңғы толықтыруларымен).
3. «Мемлекеттік аудит» жалпы басылым Джанбурчин.К.Е/оқулық/ред Астана(Нұр-Сұлтан) Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2016 ж.
4. Алпысбаев Т.А «Квазимемлекеттік сектор тиімділік аудит әдістемелерін жетілдіру» Қаржы-экономикалық журналы «Мемлекеттік аудит-Государственный аудит» №4, 2018 ж.
5. «Қазпочта» АҚ 2019 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігі.